

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық бағытта жасап жатқан іс-қимылдары тек жоғарыда аталған шаралармен ғана шектелмейді. Дегенмен, Ассамблеяның негізгі міндеттерінің біртіндеп жүзеге асып келе жатқанын, оның Қазақстан Республикасының ішкі саясатындағы кеңесші орган деңгейінен мүлдем жаңа сатыға жоғарылағанын, әлемдік масштабтағы үрдістерге тартыла бастағанын дәлелдейді. Қазақстан халқы Ассамблеясын ұжымдық дипломатияның бір формасы ретінде мемлекетіміз тарапынан нәтижелі қолданылып келе жатыр деп толық сеніммен айта аламыз, өйткені әлем Ассамблея қызметі арқылы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісімен жақсы танысып, оны этносаралық қақтығыстарды шешудің жолы ретінде қолдануға ұсыныс жасап отыр.

1. Долинский А. В. Практические вопросы оптимизации публичной дипломатии/ www.google.ru.

2. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы: Ғылыми-тәжірибелік түсініктеме / Құраст.: Н.П. Калашников, Ж.Ө. Байбосынов. – Астана, 2010. – 9 б.

3. Қазақстан Республикасының “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заңы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 21 қазан

4. Сонда.

5. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Корбков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: Тарихи очерк. – «Раритет», 2010. – 182 б.

6. Жаңалықтар // Егемен Қазақстан. – 2004. – 4 желтоқсан.

7. Новейшая история Казахстана – история стабильности // Казахстанская правда. – 2005. – 31 марта.

2006 жылы 12 маусымда Алматыда ЕҚЫҰ Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік мәселелері бойынша форумда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың сөйлеген сөзі // www.akorda.kz.

Ассамблея народа Казахстана – авторитетный общественный институт гармонизации межэтнических отношений. В своей деятельности Ассамблея рассматривает важные вопросы социально-политической жизни общества, связанные с экономическим и политическим реформированием казахстанского общества. Деятельность Ассамблеи способствует росту международного авторитета Республики Казахстан как страны, эффективно решающей проблемы межэтнических отношений.

The Assembly of Peoples of Kazakhstan – the authoritative social institution harmonization of interethnic relations. The work of the Assembly considers the important issues of social and political life of the related economic and political reforms in Kazakhstan society. Assembly activity contributes to the international prestige of the Republic of Kazakhstan as a country to effectively address interethnic relations.

Н. Мұқаметханұлы

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақстанда қазақ-қытай қатынастарын зерттеу тәуелсіздіктен кейін отандық тарих ғылымында қанат жайып келе жатқан жаңа бір зерттеу саласы болып табылды. Дегенмен біз бұл арада Қазақстан – Қытай қатынастар тарихының кейбір мәселелерінің кеңестік кезеңде зерттелгенін айта кетуіміз керек. Бірақ ол зерттеулердің сол дәуірдің саяси шектемесіне қатты ұшырағанын да айтпауға болмайды. Себебі, ол кездегі зерттеу аспектілері дұрыс болмады. Оларды атап айтар болсақ: қазақтардың жоңғарлармен немесе қытайлармен саяси байланыстарын жалаң қақтығыстар тұрғысынан ғана қарастырды; екіншіден, қазақтардың шығыстағы Цин империясымен немесе Шыңжаңдағы басқа да халықтармен болған сауда-экономикалық байланыстарын әдейі ашып көрсетпеді; Қазақстанды патшалық Ресей мен Қытай арасында транзиттік өлке ретінде, яғни Ресей мен Қытайдың арасында кезіп жүрген

орыс көпестерінің жолы ғана болды деп, сыңар жақтылы түсіндірді.

Осы саладағы тарихнамалық тарихтан алып қарағанда, қазақ-қытай қатынастары туралы кеңестік-қазақстандық тарихшылардың ең алғашқы еңбегі 1962 жылы жарияланған екен. Нақтылап айтқанда, сол жылы В.С.Кузнецовтың «ХҮІІІ ғасырдағы қазақтар мен қытайлардың сауда байланысы /қытай деректері бойынша/. Қазақстан мен Шығыс Түркістанның тарихи мәселелері» [1] – атты еңбегі жарық көрген. Одан кейінгі еңбек деп, Клара Хафизованың 1972 жылы Мәскеудегі ғылыми конференция жинағына енген «ХҮІІІ ғасырдың орта шеніндегі Орта Азияның кейбір халықаралық мәселелері» [2] – деген тақырыптағы баяндамасын айтуға болады. Бұл еңбек аталған салада алғаш жарық көрген қазақ тарихшысының еңбегі болумен маңызды. Мәскеулік белгілі тарихшы Б.П.Гуревичтің

1979 жылы жариялаған «ХҮІІ ғасырдан ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы Орта Азиядағы халықтардың қарым-қатынастары» [3] («Международные отношения в Центральной Азии в ХҮІІ – первой половине ХІХ вв.» – М., 1979) атты монографиясында, қазақтар мен Цин патшалығы арасындағы кейбір саяси байланыстар қарастырылған. Ал В.С. Кузнецовтың «Цин империясының Орталық Азиядағы шебі» [4] деген зерттеу еңбегінде, Цин империясының батыс шекара мәселесі зерттелген. Қазақстан ғылым академиясы дайындап баспадан шығарған «Цин империясы және қазақ хандығы ХҮІІ-ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХІХ ғасырдың алғашқы үштен бірінде» [5] атты екі кітаптан тұратын деректер жинағының алғы сөзі мен «ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-қытай қарым-қатынасы» деген мақаланы (15-41 б.), сол кезеңдегі қазақ-қытай қарым-қатынастарын арнайы зерттеген еңбек деуге болады. Бірақ бұл мақала көлеміне байланысты қазақ-қытай қатынастарының сол кездегі тарихи процесін толық ашып кете алмаған. Тарихшы В.А. Мойсеевтің «Жоңғар хандығы және қазақтар ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда» [6] атты зерттеу еңбегінде, қазақтар мен жоңғарлар арасындағы күрделі саяси қарым-қатынастар біршама талданған. Сондай-ақ автор өз еңбегінде қазақтардың жоңғарларға байланысты Цин империясымен де байланыс жасағаны жөнінде жалпылама шолу жасаған. Жанұзақ Қасымбаевтың «1861-1917 жылдардағы Шығыс Қазақстандағы қалалар» [7] деген еңбегінде, Қазақстанның шығысындағы қалалардың Қытайдың Шыңжаң өлкесімен сауда-экономикалық байланыста болғаны жазылған. Міне, бұлар 1991 жылға дейінгі қазақстандық (жалпы кеңестік деуге де болады) тарихшылардың қазақ-қытай қарым-қатынастары жөнінде жүргізген тікелей немесе жанамалай зерттеулерінің негізгі нәтижелері.

Жоғарыда келтірілген еңбектерден, кеңестік кезеңде қазақ-қытай қатынастарын зерттеуге мүлде назар аударылмағаны, тіпті, Қазақстан-Қытай қатынастары отандық тарих ғылымының зерттеу нысанына алынбағаны анық байқалады. Бұның басты себебі кеңестік идеологияда екендігі айтпаса да түсінікті. Міне, бұдан, кеңестік билік қазақтардың сыртқы байланыстары бойынша тек қазақ-орыс қатынастарын ғана өз мүддесіне үйлестіріп зерттеуге мәжбүрлеп, қазақтардың халық ретінде, ұлт ретінде, дербес ел – мемлекет ретінде төңіректегі басқа да елдермен болған байланыстарын зерттеуге тыйым салғандығын аңғару қиын емес.

1991 жылы Кеңес Одағының ыдыраумен Қазақстанның тәуелсіздік алуы – қазақ тарихында жаңа бір даму кезеңінің басталғандығын паш етті. Содан бері жиырма жылда Қазақстан Республикасы өзінің саяси-экономика және мәдениет жүйесін қайта құрып, айтарлықтай әлеуметтік даму үдерісінде келеді. Соған сәйкес, отандық тарих ғылымында да көптеген тың зерттеу салалары ашылып, жаңа ғылымдар қалыптасты немесе қалыптасып келеді. Солардың бірі Қазақ-Қытай немесе Қазақстан-Қытай қатынастарын зерттеу саласы болып табылады. Өйткені Қазақстанның тәуелсіздігі отандық ғалымдардың еркін тақырып тандап зерттеу жүргізуіне, дербес ғылыми көзқарас білдіруіне кең мүмкіндіктер берді. Сонымен бұрыннан осы саланы зерттеп жүрген тарихшылар өздерінің жаңа зерттеу нәтижелерін алдымен жариялай бастады. Мысалы, қытай тілінің маманы, тарихшы Клара Хафизова ханым 1995 жылы өзінің қытай жазба деректері негізінде зерттеп жазған «Орталық Азиядағы қытай дипломатиясы (ХҮІІІ-ХІХ ғ.)» [8] атты монографиясын жариялады. Бұл еңбек Қытайдың Батыс өңір (Сиюй) концепциясын және батыс өңірдегі саясатын, Қытайдың саяси мәдениеті мен дипломатиясын, дипломатиялық этикеттерін, дипломатиялық институттарын, Қытайдың дәстүрлі рухани мәдениеті мен дипломатиясының байланыстарын пайымдаған. Бұл еңбек қазақ-қытай қатынастарын тікелей зерттемегенімен, Қытайдың Орталық Азиядағы дипломатиялық саясатының қыр-сырын түсінуге ғылыми-теориялық танымдық құндылығы жоғары, құнды еңбек болып табылады.

1996 жылы профессор Жанұзақ Қасымбаевтың Ресей мұрағат құжаттарына сүйене отырып жазған «Қазақстан-Қытай: Карaban саудасы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында» [9] атты еңбегі жарияланды. Бұл еңбек негізінен Қазақстан арқылы ресейлік көпестердің Қытайдың Шыңжаң өлкесімен жасаған керуен саудасын қарастырған. Осы жылы автордың (Н.М.) Цин империясының орда күнделік хаттамалары негізінде жазған «ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары» [10] атты монографиясы баспадан шықты. Бұл еңбек отандық тарих ғылымында тұңғыш рет Қазақ елін дербес субъекті ретінде Қытай мемлекетімен қатар қоя отырып, екі ел арасында тікелей қарым-қатынастардың қалыптасуының тарихи алғышарттарын ашып көрсетіп, екі жақтылы саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастың қалыптасуы, дамуы және біртіндеп үзілуінің себеп-салдарын, Еуразиялық тарихи саяси жағдайдың

өзгерістерімен байланыстырып талдап, Абылай хан қолданған дипломатиялық саясаттың қазақ қоғамына тигізген игі ықпалын тың деректермен ашып көрсеткен. Автор осы саладағы жалғасты зерттеулерінің нәтижесінде «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.)» [11] атты монографиясын оқырмандарға ұсынды. Бұл еңбекте отандық тарих ғылымында алғаш рет, Қытайда қазақ қоғамының қалыптасуының тарихи себептерін Цин империясы мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстар мен Ресейдің Қазақстанды отарлауының салдарынан қарастырған, сондай-ақ олардың Қытайдағы қоғамдық құрылым жүйесінің ерекшеліктерін кешенді түрде зерттелген. Бұл еңбекте автор Қазақстан жерінен Ресей мен Қытайдың мемлекеттік шекара шебінің белгіленуінің қазақ тарихындағы трагедия болғандығын пайымдап, екі елге бодан болған қазақ халқының өзара байланыстарын сақтау әрекеттеріне жан-жақтылы талдау жасап, ұлттық бірліктің сақталу заңдылығын ашып көрсетеді.

2000 жылы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат ғалым Қуаныш Сұлтановтың «Қазақстан мен Қытайдағы реформалардың ерекшеліктері: салыстырмалы талдау» [12] атты докторлық диссертациясының монографиясы жарық көрді. Бұл еңбек елімізде Қазақстан мен Қытайдың реформаларын салыстырып зерттеген алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады. Аталмыш жұмыста зерттеуші, Қытайдың дәстүрлі социалистік жүйеге біртіндеп реформа жүргізу арқылы қол жеткізген жетістіктеріне талдау жасап, Қазақстан мен Қытай реформаларын салыстырып талдау арқылы олардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ тұстарын ғылыми түрде ашып көрсетеді. Сондай-ақ Қытайдың Қазақстанға салған инвестициясының ұлттық мүддемізге тиімді болғанын ғылыми түрде дәлелдейді.

Міне, бұлар ХХ ғасырдың соңына дейінгі отандық гуманитарлық ғылымдар саласында жарық көрген зерттеу еңбектер. Осы еңбектерден жаңа ғасырға дейін елімізде қазақ-қытай қатынастарын зерттелуі, екі ел қатынастарының тарихын зерттеумен қатар, қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін зерттеуге қарай ойысқанын анық көруге болады. Бұл сынды тенденцияны ғалымдардың ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастардың даму қажеттілігіне бейімделуі және ғылыми теориялық практикалық маңызы зор тақырыптарды зерттеуге қарай бет алуы деуге болады.

XXI ғасырдағы отандық тарих ғылымы да, оның ішінде қазақ-қытай қатынастарын зерттеу

саласы да Қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуымен бірге айтарлықтай дамыды. Қазақ-қытай қатынастарын әр қырынан зерттеген еңбектер жарық көрді. Мысалы, 2001 жылы Н.Ә. Алдабектің «Ресей және Қытай: ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы Орталық Азиядағы сауда-экономикалық байланыстары» [13] атты зерттеу еңбегі баспадан шықты; 2003 жылы В.В. Галиевтың «Қазақстан Ресей мен Қытайдың Шыңжаңдағы сауда-экономикалық жүйесінде (ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басы)» [14] атты монграфиясы жарық көрді. Бұл еңбектер ХҮІІ-ХХ ғасырлардағы Орталық Азия және Қазақстандағы Ресей-Қытайдың арасындағы экономикалық сауда байланыстарын бай тарихи деректерге негізделіп жаңаша зерттеген ғылыми еңбектер болып табылады.

Қуаныш Сұлтанов 1996 жылы өзінің «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Қытай қатынастары (1991-1995)» – Алматы, 1996) [15] атты екінші ғылыми еңбегін жариялады. Бұл еңбекте автор ҚР мен ҚХР дипломатиялық қатынас орнатқаннан кейінгі бес жыл ішіндегі екі елдің дипломатиялық қатынастарының жалпы даму процесіне ғылыми сараптама жасаған.

Тарихшы, профессор Клара Хафизова өзінің көп жылдық зерттеулері негізінде жазған «Цин империясына қазақтың стратегиясы» [16] атты ғылыми еңбегі баспадан шықты. Автор бұл еңбегіне Қытай мен Ресейдің аса құнды мұрағат деректерін пайдалана отырып, Қытайдың Орталық Азиядағы дәстүрлі дипломатиясын, Цин империясының қазақ хандығымен қарым-қатынасын, әсіресе, сауда саясатына талдау жасап, өз көзқарастарын ортаға қояды. Сонымен қатар, автор Қазақ хандығының Абылай қатарлы билеушілердің екі империямен де қалыпты қатынасты сақтай отырып, өзінің ұлттық дербестігін қорғау саясатын жүргізгендігін пайымдайды.

Соңғы жылдары Қытай мен Қазақстан және Орталық Азия арасындағы тарихи мәдени дипломатиялық байланыстар мәселесі де зерттеу нысанына айналды. Бұл сала бойынша қытай тілінің маманы, жас зерттеуші Нұржан Абдрайымованың «Қытай мен Орталық Азия халықтарының мәдени байланыстарының тарихы» [17] атты монографиясы, ортағасырлардағы Қытай мен Орталық Азия арасындағы мәдени байланыстарды қарастырған. Ал Н. Мұқаметханұлының «Моңғол, Юань империясы мен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастар» және «Темір Әулеті мен Мин патшалығы арасындағы қарым-қатынастар (ХІХ-ХҮ ғ.) атты зерттеу мақалалары «Қазақ тарихының өзекті мәселері» [18] деген

жинағында жарияланды. Бұл еңбектер отандық тарих ғылымында тың тақырыптарды зерттеп жазылған, өзіндік ғылыми құндылығы бар дүниелер болып саналады.

Соңғы жылдары отандық тарих ғылымындағы және бір құбылыс, Қазақ-Қытай қатынастарын зерттеу мен қытайтану мәселелерін ұштастырып зерттеген еңбектер жарыққа шыға бастады. Бұның мысалы ретінде автор өзінің 2010 жылы баспадан шыққан «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері» [19] атты монографиялық зерттеулерін атар еді. Бұл еңбекте ХҮІІІ ғасырдың ортасынан ХХІ ғасырдың басына дейінгі қазақ-қытай қарым-қатынастарының тарихи үдерісіндегі өзекті мәселелер жеке тақырыптар бойынша зерттеліп, қазіргі таңда ҚР мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастың стратегиялық әріптестік деңгейге көтерілуінің заңдылығы ашып көрсетіліп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген саликалы сыртқы саясатының тарихи жетістіктерін пайымдаған. Демек, аталмыш еңбекте автор тарихи салыстырмалы зерттеу әдісін қолдану арқылы, тәуелсіз ҚР-дың халықаралық қатынастардағы орны мен рөлінің жоғарылағаны және ұлы державалардың қазаққа, ҚР-ға көзқарасының түбегейлі өзгергенін пайымдаған. Бұның өзі, отандық тарих ғылымында қазақ-қытай арасындағы тарихи байланыстарды зерттеу негізінде, қазіргі таңдағы қатынастарының дамуын зерттеуге бет алғанын көрсететін жанды мысал болып табылады.

Қазіргі кездегі ҚР мен ҚХР арасындағы байланыстар екі жақтылы және көп жақтылы (Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында) қатынастар арқылы дамып отырғаны белгілі. Сондықтан отандық халықаралық қатынастар ғылымында, ҚХР-дың ҚР-мен немесе Орталық Азия елдерімен қатынастарын зерттеу көптеген диссертациялық тақырыптардың басты мазмұнына айналды. Бұл салада жазылған және қорғалған кандидаттық диссертацияларды айтар болсақ: Оразалиев Еркебұлан Нұрланович «Шанхай ынтымақтастық ұйымы ерекшеліктері және болашағы» («Шанхайская Организация Сотрудничества, основы формирования проблемы и перспективы», 2005 г.); Акатаева Алия Аскарровна: «XX ғ. 90-жылдарынан XX ғ. басына дейінгі Қазақстан-Қытай қатынастары» («Казахстанско-Китайские отношения в 90-гг XX в – начеле XXI в. /торгово-экономический аспект/», 2007); Омарова Мадина Аманбайқызы «Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты /1992-21 ғ./» (2007); Қаражанова Жанар Қуанышбекқызы:

«Қытай Халық Республикасының сыртқы саясаты және Қазақстан Республикасымен қатынасы /1992-2005 ж./» (2007); Қыраубаев Жошыхан: «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының дипломатиялық қатынасындағы консулдық қызметі» (2010). Бұл диссертациялық жұмыстардың тақырыптары қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардағы өзекті мәселелерге құрылғаны және бәрінің де өзіндік ғылыми жаңалықтарымен құнды деп санаймыз. Дегенмен Қыраубаев Жошыханның диссертациялық жұмысының ҚР мен ҚХР дипломатиялық қызметтегі консулдық қызметтерді салыстырып зерттеуін, отандық халықаралық қатынастарды зерттеу ғылымының нақтылыққа, тереңдікке қарай бағыт алғандығын айғақтайтын еңбек деуге тұрады. Бұл салада бірқатар магистрлік диссертациялардың да қорғалып жатқаны, аталмыш зерттеу саласының маңыздылығын көрсетсе керек.

Қазақ-Қытай қатынастарындағы өзекті мәселелерді зерттеген ғылыми мақалалар мен танымдық публистикалық мақалалар газет-журналдарда жарияланып келеді. Мысалы, автордың «Қытайдың батыс өңірді игеру стратегиясы және Қазақстан-Қытай қатынастарына әсері» [20] («Отан тарихы» 2005, № 1); Н.А. Алдабек, В.Т. Сарсембековтың «Международное сотрудничество Китая в области использования и охраны трансграничных рек» [21]; Д. Шымырбаеваның «Қытайдың халықаралық жүйедегі Орталық Азиядағы ықпалы» [22] сияқты бірқатар мақалалар, қазіргі таңдағы ҚР мен ҚХР арасындағы ең өзекті мәселелерді арнайы зерттеген құнды дүниелер деуге болады.

Бұл арада айта кететін бір жайт, отандық тарих ғылымында қазақ-қытай қатынастарын зерттеуге жанамалай байланысты Қытайды зерттеген немесе Қытайдағы қазақтарды зерттеген бірқатар құнды еңбектер де жарық көрді. Бірақ бұл қытайтану категориясына жататын зерттеулер болғандықтан оларға нақтылы талдаулар жасай алмадық. Дегенмен осы қатардағы еңбектердің ішінде біздің қарастырып отырған тақырыбымызға тікелей байланысты маңызды бір-екі еңбекті айтпай кету ағаттық болатын сияқты. Оның бірі, жас қытайтанушы ғалым Әділ Қаукеновтың бас редакциялығымен баспадан шыққан «Қытай ХХІ ғасырда» («Китай в XXI века». 2008 ж.) [23] атты екі томдық ғылыми еңбек. Соның «Қытай және Орталық Азия» («Китай и Центральной Азии») деп аталатын 2-томның 3-тарауы (199-275 б.) Қытай мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстарға арналған. Онда автор Қытай

мен Қазақстанның жаһандану жағдайындағы экономикалық ынтымақтастығының даму процесіне біршама кең көлемде динамикалық талдаулар жасап, ғылыми қорытындылар тұжырымдалған. Бұл еңбек Қазақстан мен Қытай арасындағы қазіргі таңдағы экономикалық қатынастарды біршама жүйелі түрде зерттеуімен құнды. Ал екінші еңбек, Сейфулла Сапанов пен Қайрат Жүністің бірлесіп жазған «Қытай Халық Республикасының Сыртқы саясатындағы мұнай факторы» (2009 ж.) [24] деп аталатын ғылыми еңбек. Аталмыш еңбекте, авторлар Қытайдың мұнай өндірісі және мұнай тұтыну жағдайына талдау жасай отырып, Қытайдың сыртқы саясатында мұнай мәселесінің маңызды орынға көтерілуін, Қытайдың өнеркәсіп өндірісінің өсуімен байланыстырып талдау жасаған. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытайдың мұнай саласындағы өзара ынтымақтастығының қалыптасуы мен дамуын екі елдің ұлттық мүдделері тұрғысынан саралап, тұжырымдаған. Демек, бұл еңбекті елімізде ҚР мен ҚХР арасындағы салалық ынтымақтастықты зерттеген алғашқы құнды ғылыми еңбектердің бірі деп санауға болады.

Қытайтанушы К.Л. Сыроежкин жазған «Қазақстан-Қытай: шекара бойындағы саладан стратегиялық әріптестікке дейін» деп аталатын үш кітаптан тұратын еңбегі – екі ел қарым-қатынастарын зерттеу саласына қосылған сүбелі еңбек болып табылады.

Жоғарыда пайымдалған қазақ-қытай қатынастарының зерттелу жағдайынан алып қарағанда, екі ел арасындағы өзара байланыстар мен қатынастардың зерттелуін мынадай үш кезеңге бөлуге болатын сияқты:

Бірінші кезеңі – өткен ғасырдың 60-жылдарынан 1990 жылға дейінгі мезгіл, яғни Қазақстанның тәуелсіздігіне дейінгі аралық. Бұл кездегі зерттеулер көбінесе қазақтар мен қытайлардың тарихи байланыстарын қарастырған және оны кеңестік мүдде мен идеология тұрғысынан зерттеген. Дегенмен онда да тарихи шындықты ашатын, қоғамдық болмыстың шынайы бейнесін көрсететін деректік және танымдық құндылықтардың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Екінші кезеңі – 1991 жылдан 2000 жылға дейінгі он жыл. Бұл кездегі зерттеулердің басты ерекшелігі – негізінен қазақ-қытай қатынастарындағы тарихи іргелі мәселелердің зерттелуінде. Сондай-ақ ғылыми айналымға түспеген қытай жазба деректері мен ұлттық төл дерек материалдар негізінде, дербес мемлекеттік сана, жаңаша методология және көзқараспен жүргізілген зерттеулердің өрістеуімен ерекшеленеді.

Үшінші кезеңі – ХХІ ғасырдың бірінші он жылдығы. Бұл кездегі зерттеулердің басты ерекшелігі, қазақ-қытай қатынастарының тарихындағы концептуалды мәселелерді зерттеумен қатар, қазіргі кездегі екі ел қатынастарын жан-жақтылы, салалық ғылымдар бойынша зерттелуінде. Сонымен қатар, екі ел қатынастарын зерттеуге арналған диссертациялық жұмыстардың көптеп жазылуымен де ерекшеленеді.

Жалпы айтқанда, Қазақстанда қазақ-қытай қатынастарын зерттеу ісі еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қанат жайды. Сондай-ақ ол Қазақстанның халықаралық қатынастартану ғылымының бір саласы ретінде қалыптаса бастады деуге де негіз бар. Бұның өзін еліміз тәуелсіздігінің қоғамдық ғылымдар саласындағы қомақты жетістіктерінің бірі деп бағалауға әбден тұрады.

Бұл, әрине қуанарлық жетістік. Дегенмен қазақ-қытай қатынастар тарихының ұзақтығы мен күрделілігі және оның қазіргі таңдағы екі жақтылы, көп жақтылы қатынастарының дамуының қарқынды болуы тұрғысынан алып қарасақ, жоғарыдағы зерттеулерге қанағаттануға болмайды. Өйткені екі ел қатынастарының тарихы мен қазіргі жағдайы әлі кешенді түрде зерттелген жоқ. Себебі, ондай іргелі зерттеулер жүргізетін елімізде бір де бір мемлекеттік ғылыми зерттеу институты немесе орталық жоқ. Сондықтан Қазақстанның қазіргі дейінгі қазақ-қытай қатынастарын зерттеу жағдайы екі ел қатынастарының дамуына толық жауап бере алмайды десек, артық айтқандық емес. Басқаша айтқанда, біздің қазіргі ғылыми теориялық танымымыз екі ел қатынастарының даму практикасына толық жауап бере алмайды.

Сондықтан үкімет бұл мәселеге назар аударуы қажет. Қазақ-қытай қатынастарын зерттейтін бір ғылыми институт немесе орталықты құрудың уақыты жетті, алғы шарттары әзірленді деп санаймыз. Ал қазіргі таңда Қытайда Ресей және Орталық Азия мен Қазақстанды зерттейтін жиырмаға тарта институттың жұмыс істеп тұрғанын, әлем елдерінің қытай зерттеуге ерекше көңіл бөліп отырғанын да ескерген жөн. Соларға сайкес өзіміздің арнаулы ғылыми зерттеу институтымызды құру қажет деп санаймыз.

1. Кузнецов В.С. Казахско-китайские торговые отношения в конце XVIII века (по китайским источникам). Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. – Алматы, 1962.

2. Хафизова К.Ш. Некоторые вопросы международных отношений в Центральной Азии в середине XVIII в. – Общество и государство в Китае. Тезисы доклада третьей научной конференции. – М., 1972.

3. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. – М., 1979.
4. Кузнецов И.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии. – Новосибирск, 1983.
5. Қазақстан ғылым академиясы. «Цинская империя и казахские ханства вторая половина XVIII – первая треть XIX вв.». – Алматы, 1989.
6. Мойсеев В.А. Джунгарское ханства и казахи XVII-XVIII вв. – Алматы, 1991.
7. Қасымбаев Ж. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. – Алматы, 1990.
8. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии /XVIII-XIX вв./». – Алматы, 1995.
9. Касымбаев Ж. Казахстан – Китай: Караванная торговля в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996.
10. Мұқаметханұлы Н. ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы, 1996.
11. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). – Алматы, 2000.
12. Сұлтанов Қ.С. Особенность реформы в Казахстане и Китае: сравнительный анализ. – Алматы
13. Алдабек Н.А. Россия и Китай: Торгово-экономические связи в Центрально-Азиатском регионе в XVII-XIX вв. – Алматы, 2001.
14. Галиев В.В. Казахстан в системе Российско-Китайских торгово-экономических отношений в Синьцзяне (конец XIX – начало XX вв.). – Алматы, 2003.
15. Сұлтанов К.С. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Қытай қатынастары (1991-1995). – Алматы, 1996.
16. Хафизова К.Ш. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы, 2007.
17. Абдраймова Н. Қытай мен Орталық Азия халықтарының мәдени байланыстарының тарихы. – Алматы, 2009.
18. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселері. – Павлодар, 2010.
19. Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2011.
20. Мұқаметханұлы Н. Қытайдың батыс өңірді игеру стратегиясы және Қазақстан-Қытай қатынастарына әсері // Отан тарихы. – Алматы, 2005, №1.
21. Алдабек Н.А. Сарсембеков В.Т. Международное сотрудничество Китая в области использования и охраны трансграничных рек // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. – 2006. – № 3. – С. 3-8.
22. Шымырбаева Д. Қытайдың халықаралық жүйедегі Орталық Азиядағы ықпалы // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы, 2008, № 3. 73-77 б.
23. Қаукенов А. (бас редактор). Китай в XXI века. Екінші томдық еңбектің «Китай и Центральная Азия» деп аталатын 2-томның 3-тарауы (199-275 б.). – Алматы, 2008.
24. Сапанов С., Жүніс Қ. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатындағы мұнай факторы. – Алматы, 2009.
25. Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству (үш кітап). – Алматы, 2010.

* * *

Данная статья посвящена историческому анализу исследований казахстанских ученых о взаимоотношениях между Казахстаном и Китаем. Автор на основе сравнительного анализа подчеркивает улучшения качества научных исследований на современном этапе по отношению советскому периоду.

* * *

In this article analyzed Kazakhstan–China relationship of Kazakhstan which basined on historical researches. Author compared with two different countries relation, according to the researched work of native land science field of Soviet Union and independent period have proved our country’s science researches is developed .

А.Р. Әлімбаев, Б. Шакеева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӨРАҒАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы кеңестік кезеңнен кейінгі 20 жылдық дәуірде өзінің тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынастар жүйесінде толыққанды қатысушы бола алатындығын толығымен дәлелдеп шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап халықаралық беделді ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен аймақ үшін жаңа ұсыныстар жасауының өзі жас мемлекет үшін әлем мәселесінде Қазақстанның шет қала алмайтындығын көрсетті.

1992 жылғы 5-ші қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында жасалынған ұсыныс нәтижесінде бүгінгі күні аймақ шең-

берінде маңызды істерді талқылап, елдер арасындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өзіндік үлесін қосып келе жатқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі құрылды. Бұл Азиядағы қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша пікірлесу, келіссөздер жүргізу және келісімге келу негізінде шешім қабылдау мен шаралар қолдану жөніндегі мемлекетаралық форум. Қазақстан Республикасы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне төрағалыққа 2002-2006 жж., бірінші мерзімге, 2006-2010 жж. екінші мерзімге қайта сайланған болатын.